

Алтынбасов Б.Ө., з.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының доценті

АКАДЕМИК С. ЗИМАНОВТЫҢ ОТАНДЫҚ ЗАҢ БІЛІМІ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Зиманов Салық Зиманұлы – қазақ халқының мақтанышы, батыры және жанашыры. Ол өзінің бір ғасырға жуық өмірінде өз халқына аянбай қызмет етіп келуде. Тоқсанға таяған жасында үлкен мінберлерден сөйлеп, бүгінгі күнгі мемлекеттік-құқықтық саясатқа қатысты өз пікірлерін білдіріп, мол тәжірибелік және теориялық білімін жастарға қалдыруда.

С. Зимановтың өмірлік жолы түрлі қырынан зерттеуге лайықты, әрі қызықты және қатерлі оқиғаларға да толы болған. Ол Ұлы Отан соғысының басынан аяғына дейін қан майданға қатысып, бірнеше рет жарақаттанып, халқы үшін аянбай соғыстың қасіретін басынан өткерген азамат. Майдандағы батырлығы және соғыстың соңына дейін қатардағы жауынгерден гвардия-майоры шеніне дейін көтерілуі, ірі әскери бөлімнің командирі болуы оның ержүректігі мен қайсарлығын білдіреді.

С. Зимановты ғалым, педагог, заңгер, жауынгер, мемлекеттік қайраткер, депутат, ұлтының патриоты ретінде қарастыратын болсақ, оның тұлғалық бейнесін ашу үшін бірнеше жылдық зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет болады. Сондықтан да бұл мақалада Ағамыздың тек ғалым-заңгер және педагог ретіндегі бейнесін ашуға тырысып көрелік. Соның өзі С. Зимановты арнайы зерттемей, қарапайым заңгер ретінде танып, білудің негізінде жазылып отыр.

Академик С. Зимановтың ғалым және педагог ретіндегі тұлғасын ашып қарастыруда оның өмірлік жолының Ұлы Отан соғысынан кейінгі кезеңін қарастырамыз. Ол кезең Салық Зимановтың Бүкілодақтық заң институтында жоғары заң білімін алып (1948), ғылым жолына түскен, оның ерекше шығармашылық қабілетін көрсетіп, ғалым ретіндегі бейнесін суреттейді. Ол Мәскеуде КСРО Ғылым академиясының Мемлекет және құқық институтында ғылыми-ізденушілік жұмыстарын жүргізіп, 1950 жылы «Бөкей Ордасының қоғамдық-саяси құрылысы» тақырыбына заң ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесіне диссертациялық жұмысты сәтті қорғайды. Қазақтың саяси-құқықтық ілімдерінде бұл жұмыстың маңызды орын алатынын сол кезде және бүгінде де ғалымдар мойындайды.

Қазақтың әдет құқығы мен мемлекеттік-құқықтық құрылысын зерттеуді мақсат етіп қойған жас ғалым зерттеу жұмысымен үздіксіз айналысып, 1961 жылғы 13 қаңтарда «18 ғ. соңы және 19 ғ. алғашқы жартысындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси құрылысы» тақырыбында заң ғылымының докторы ғылыми дәрежесіне диссертациялық жұмыс қорғайды. Нәтижесінде ол заң ғылымдарының докторы дәрежесін иеленген алғашқы қазақ болып шықты [1]. Өзінің отандық заң ғылымына қосқан қомақты үлесі үшін С. Зиманов 1967 жылы ҚазКСР Ғылым академиясының академигі

атағын иеленді. Мұндай атаққа ие болу С. Зимановтың заң ғылымының шыңына жеткендігін, ғалым ретінде толық қалыптасып, мемлекет пен қоғам тарапынан толығымен мойындалғандығын білдірді. Бүгінгі таңда С. Зимановтың «қазақстандық заң ғылымының атасы» екендігінде ешкімнің күмәні жоқ.

С. Зиманов заңгер-ғалым ретінде теория мен тәжірибені теңдей игерген, өзін жан-жақты білімді, жария және жеке құқықтың маманы екендігін талай рет дәлелдеген. Ол үшін құқық пен заң ең алдымен халықтың құқықтары мен заңды мүдделерін, мемлекеттің біртұтастығы мен егемендігін қамтамасыз етуі қажет деп санайды. Академик С. Зиманов мемлекеттің егемендігі мен тәуелсіздігін, сыртқы және ішкі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жер қойнауын пайдалану қатынастарында шарт тарабы ретіндегі мемлекеттің құқықтық мәртебесі ерекше сипатта болуы тиіс екендігін дәлелдеді. Оның пікірінше, игерілмеген шикізаттық ресурстарға ие мемлекет негізінен сырттан төнген көптеген топтар мен күштердің мүдделерінің шоғырлану орталығына айналады. Олар ең алдымен тек өздерінің коммерциялық мүдделерін ойлайды және мұндай жағдай өтпелі кезеңдегі мемлекеттің біртіндеп тәуелді болуына әкеп соғады. Ол жер қойнауын пайдалану шарттарында бірде-бір тарап екінші тараптың – мемлекеттің уақытша әлсіздігі мен экономикалық жетілмегендігін өз пайдасына шешуге тиіс емес екендігін дәлелдеп, мемлекет мүддесін жақтады.

Жеке және жария құқық тұрғысынан академик С. Зимановтың пікірін жалғастырып, қоғамдық қатынастардың кейбір салаларын жеке құқық тұрғысынан емес, тек жария құқық тұрғысынан қарастыру қажет деген ой туындайды. Оның «шетелдік немесе өзге де шаруашылық субъектілері мемлекеттің әлсіздігін немесе оның заңнамасындағы олқылықтарын пайдаланып, мемлекет пен қоғамға зиян келтіре отырып, өз пайдасына шешуі құқықтың табиғатына қайшы» деп айтқан пікірлері орынды және көп мәселенің басын ашып алуға негіз болып табылады. Нарықтық қатынастарда білім саласында қызмет көрсету, жеке меншік оқу орындарын ашу жеке құқық тұрғысынан қарастыруға негіз болды. Нәтижесінде, білім және ғылым саласындағы кейбір қатынастардың мемлекет пен қоғам үшін тиімсіз болып, тек белгілі бір жеке тұлғалардың мүддесі үшін жасалып отырғанын айтуға болады. Мысалы, қазіргі кезде жеке меншік жоғары оқу орындары жаппай сапасыз білім беріп, заман талабына сай емес мамандар дайындауда. Жеке меншік жоғары оқу орындары мемлекет үшін аса маңызды болып табылатын – мемлекеттің кадрлар дайындау функциясын атқаруды мойнына алып, бірақ сол функцияны орындаудың орнына оны саудаға салып, өз пайдасының құралына айналдырды. Сондай-ақ жеке меншік жоғары оқу орындары ғылыми кадрлар дайындауға араласып, өздерінде диссертациялық кеңестер ашып, ғылыми дәрежені онды-солды таратып, ғылымды саудаға салуда. Отандық ғылымның тығырыққа тірелгені жөнінде академик С. Зиманов бастаған бір топ академиктердің ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевқа жазған хатында айтылған болатын.

Адамның білім алу және ғылыммен айналысуға деген құқықтары ҚР Конституциясы және өзге де қолданыстағы заңдармен бекітілген және бұл құқықтар қазіргі кезде адамның құқықтық мәртебесінің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі. Тіпті білім мен ғылымға деген адамның құқықтарын оның табиғи құқықтарының қатарына енгізсе болады. Себебі, мына заманда, яғни қоғам мен мемлекеттің қарқынды даму жағдайында білімсіз адамның ел қатарлы лайықты өмір сүруі мүмкін емес. Сондықтан да мемлекет өз азаматтарының білім мен ғылымға теңдей құқықтарға ие болуын қамтамасыз етуі тиіс. Мұндай теңдікті қамтамасыз ету үшін мемлекет жеке меншіктегі оқу орындарына сапаға сәйкес талаптарды күшейтуі қажет. Білім саласындағы қатынастарды жеке құқық тұрғысынан қарап, өз бетінше таза нарықтық қатынастардың заңымен дамуына жол бермеуі тиіс. Мұндай жағдайдың салдарынан білімсіз және біліктілігі төмен мамандар дайындалып, интеллектуалдық деңгейі төмен басқарушы элита қалыптасып ақыры қоғам мен мемлекет үшін үлкен шығындар тудыратыны анық.

Жеке құқықтың реттеу пәнін кеңейтіп, мемлекет шағын және орта бизнесті, жеке кәсіпкерлікті дамытуы қажет, ол нарықтық қатынастағы заңды құбылыс. Бірақ ол ортақ мүдде үшін мемлекетпен тиімді және ұтымды түрде басқарылып отыруы қажет. Кейбір қызмет түрлері, соның ішінде білім беру, дәрігерлік көмек көрсету салалары толығымен нарықтық қатынастардың заңдылығымен өмір сүруіне болмайтындығын күнделікті тәжірибе көрсетуде. Теориялық тұрғыдан қарастыратын болсақ, білім қызметін көрсетуге қатысты шартқа азаматтық-құқықтық шарттардың өзге түрлерінде кездеспейтін белгілер тән. Білім беру саласы әр қашанда мемлекеттің бақылауында және көп жағдайда жария құқық арқылы реттелетіндігі анық.

Тек мемлекет қана өзінің мүмкіндіктерін пайдалана отырып тұлғаның конституциялық құқықтарына кепілдік бере алады. Мемлекет білім қызметінің тұлға мен қоғамның сұранысына сай ету үшін барлық әсер ету, реттеу құралдарын қолдануы тиіс. Бұл жағдайлар кейбір шарттық қатынастарға жария құқық тұрғысынан қарау қажет деген академик С. Зимановтың пікірлерін дәлелдейді.

Академик С. Зимановтың отандық заң білімі мен ғылымының саласында жүргеніне 60 жылдан астам уақыт болыпты. Қазақстанның заң білімінің қалыптасуы С. Зимановтың көз алдында және тікелей басшылық етуімен жүзеге асырылды деп айтуға болады. Ол Қазақстандағы ең алғашқы заң білімін беретін жоғары оқу орны – Алматы мемлекеттік заң институтының директоры (1952-1955 жж.) қызметін атқарып, еліміздегі заң білімінің қалыптасуына себепкер болған ғалымдардың бірі. 1958 жылдан 1969 жылға дейін ҚазКСР-нің Ғылым академиясының Философия және құқық институтының директоры болып, отандық заң ғылымының қалыптасуы және дамуына үлкен үлес қосқан. Кеңестік кезеңде Қазақстандағы заң білімі мен ғылымын қалыптастырушы болып қоймай, еліміз тәуелсіздік алып, егеменді ел болып жатқанда жаңа заманның талаптарына сай мамандар дайындау қызметіне тікелей атсалысқан. Осы

орайда С. Зимановтың 1995 жылдан 2004 жылдар аралығында Қазақ академиялық университетінің ректоры қызметін атқарғаны жөнінде сөз қозғауға тура келеді.

Еліміз егемендік алып, тәуелсіз ел болып, нарықтың заңдарымен өмір сүріп, халықаралық қатынастардың толыққанды мүшесіне айналған сәтте мемлекеттік басқару саласына жаңа буындағы әлемдік стандарттарға сай білім алған мамандар дайындау қажеттігі туды. Сондай-ақ 1993 жылғы 10 сәуірде ҚР «Жоғары білім туралы» заңы қабылданып, жеке меншіктегі жоғары оқу орындарын ашуға рұқсат берілді. Осы сәтте академик С. Зиманов және бірқатар академиктер мен ғалымдар бірігіп, Ғылым академиясының Мемлекет және құқық институтының негізінде жаңа жоғары оқу орнын ашу жөнінде шешім қабылдайды. Жаңа оқу орнын ашуға заң ғылымының белді ғалымдары ҚР ҰҒА академигі, з.ғ.д., профессор С.З. Зиманов, ҚР ҰҒА академигі, з.ғ.д., профессор М.Т. Баймаханов, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, з.ғ.д., профессор Ғ.С. Сапарғалиев, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, з.ғ.д., профессор Ә.Е. Еренов, з.ғ.д., профессор З.Ж. Кенжалиев, з.ғ.к., доцент Е.К. Нұрпеисов болды. Мұндай ірі ғалымдардың, яғни төрт бірдей академиктің бір ұжымда қызмет етуі бүгінгі күні ешбір заң факультеті мен университетте кездеспейді.

Академик С. Зимановтың басшылығымен қызмет еткен Университет өз алдына үлкен мақсаттар қойған, теория мен тәжірибені ұштастыруға бағытталған, оқытушы-профессорлық құрамы ғылыми дәрежелігі жағынан өте жоғары оқу орны еді. Олар заңгер мамандарды дайындауда «XXI ғасырдың заңгерін дайындау моделі» бағдарламасын жасап, жаңа ғасырдың сұранысына сай келетін заңгерлер дайындауға бет бұрды. Аталмыш жоғары оқу орны мамандар дайындауда төрт негізгі қағиданы ұстанды, ол білім алушыны мамандандыруға, экономикаға бейімделуге, компьютерлік техниканы және тіл игеруге жағдай жасау.

Сондай-ақ С. Зиманов басқарған ұжым ірі ғалымдардан тұратындықтан бұл оқу орнының ғалымдары ғылыми жұмыстармен белсенді айналысып, жастарды ғылымға тартты. Мысалы, 2002-2003 жж. ҚР Білім және ғылым министрлігімен «құқықтық ғылымдар» бөлімі бойынша бекітілген он бір іргелі зерттеулер жобасының алтауы осы Университет ғалымдарының жетекшілігімен жүргізілді. Сонымен қатар Университет ғалымдары ҚР Әділет министрлігінің, ҚР Жоғарғы Сотының, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясының 2000-2002 жылдары өткізген байқауларында жеңімпаз болып, ғылыми жобалардың орындаушысы болған. Осы кездері Қазақ академиялық университеті аталмыш ұйымдармен ынтымақтастық және әріптестік орнату жөнінде меморандумдар жасасып, тапсырыс бойынша мамандар дайындайтын болып келісімге қол жеткізеді. Университет қабырғасында ірі ғылыми конференциялар өткізіліп, шынайы білім және ғылым ошағына айналады.

Сол уақытта Университет ғалымдарының жетекшілігімен келесідей ғылыми жобалар орындалды: «Проблемы Конституционной реформы в

Республике Казахстан» (Зиманов С.З.); «Правовые проблемы государственной службы в суверенном Казахстане» (Сапаргалиев Г.С.); «Функции профессионального государства в условиях Казахстана» (Баймаханов М.Т.); «Теоретические и практические проблемы совершенствования законодательства об иностранных инвестициях в РК» (Мауленов К.С.); «Совершенствование правовых основ охраны окружающей среды» (Еренов А.Е.); «Традиционная государственная власть в Казахском обществе» (Кенжалиев З.Ж.) және т.б.

Алайда Университет беделінің күн санап көтерілуі, академиктер мен профессорлардың жұмысының алға басып, ел арасында таныла бастауы бәсекелестеріне жақпады, тіпті жария түрде мерзімді басылымдарда жөнсіз ақпараттар таратып жамандағандар да аз болмады. Бұл әңгіме осымен аяқталмай, ақыры «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы және ҚР Жоғарғы Сотының Институты келісімде көрсетілген шарттарды орындауға мүмкіндігі болмады. Университеттің басты әріптестері шарттан бас тартқандықтан және оның стратегиялық жоспарлары осы ұйымдармен байланысты болғандықтан, одан әрі қызмет етуіне қауіп төнді. Сонымен қатар Қазақ академиялық университетінің қызмет етуіне оқуға түсуші студенттердің санының азаюы, заң білімін беретін оқу орындарының елімізде көбейіп кетуі және өзге де факторлар кері әсерін тигізді. Нәтижесінде, Қазақ академиялық университетінің жалпы жиналысында оқу орнының қызметін өз еркімен тоқтату жөнінде шешім қабылданып, жабылды [2].

Жалпы алғанда С. Зимановтың басшылығымен әрекет еткен жоғары оқу орны өз кезінде бәсекелестерінің ықпалымен, қаржылық тапшылықтың және қоғам мен мемлекет тарапынан қолдау таппауының салдарынан жабылуға мәжбүр болды. Сол кезде келешекте жоғары оқу орындарының ғылыми-зерттеушілік бағытта дамитындығын көпшілік түсінбеді. Оны тек сол кезде Университетте білім мен ғылымды ұштастырып, әлемдік деңгейдегі оқу орындарының қатарына шығаруды мақсат еткен академик С. Зиманов қана түсінген еді.

Академик С. Зимановтың заман талабына сай мамандар дайындауда ғылымға аса көңіл бөлу қажеттігі «теория – это лучшая практика» деген сөздерін көп адамдар түсінбеді. Бұл идеялар содан кейін он жылға жуық уақыт өткен соң, яғни бүгінгі таңда жоғары оқу орындарына түсінікті бола бастады. Академиктің идеяларының жүзеге асырылуы еліміздің білім жүйесінің әлемдік білім кеңістігіне енуімен байланысты болды. Бүгінгі таңда еліміздің ең мықты деген оқу орындары құқықтық мәртебесін өзгертіп, «Ғылыми-зерттеу университеттеріне» айналу үстінде. Яғни әлемдік деңгейдегі университеттердің қатарынан лайықты орын алу үшін еліміздің жоғары оқу орындарына ғылымға аса көңіл бөлу, мемлекет пен қоғам тарапынан қаржылық және өзге де қолдау табу қажеттігі айқын түсінікті болды.

Кезінде академик С. Зимановтың орындалмай қалған идеялары, яғни университеттің қызметін нәтижелі ету үшін мақсатты түрде мамандар

дайындау, мемлекеттік органдармен, ұлттық компаниялармен әріптестік орнату, оқу, оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық базаны дамыту, байланыс және ғылыми ақпарат алмасу мәселелерін шешу мақсатындағы іс-әрекеттері уәкілетті органдар мен жоғары оқу орындары енді ғана түсінгендей.

Академик С. Зимановтың отандық ғылымға сіңірген еңбегі шексіз, ол 65 жылға жуық заң ғылымын дамытумен айналысып келеді, оның айтқан идеялары қай кезде болмасын өзектілігін жоғалтпайды. Оны бүгінгі күні мемлекеттік басқару мен құқыққорғау жүйесінде орын алып жатқан жағдайлар дәлелдейді. Мысалы, соңғы жылдары академик С. Зиманов қазақтың әдет құқығындағы билер сотына қатысты бірқатар жұмыстар жазып, 2008 жылы «Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі» атты еңбегі қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жарық көрді. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Парламенті «Медиация туралы» заңның жобасын қарастыруда. Медиация институты сот жүйесінде маңызды институт ретінде танылып, сот реформаларын жүргізудегі 2010-2010 жылдарға арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасының басты идеяларымен сай келіп отыр. Қазақ құқығындағы билер сотының теориялық белгілері мен құқықтық табиғаты медиация институтына көп жағынан жақын және оларға ортақ белгілер тән. Ғалымдар мен сарапшылардың пікірінше С. Зимановтың билер сотын зерттеудегі теориялық еңбектері медиация институтын тәжірибеге енгізу барысында негізге алынууда.

Мемлекеттегі құқықтық реформалардың жүргізілуін бақылап, үнемі ғылыми сараптама жасап жүретін С. Зимановтың пікірі ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың өзіне де қызықты. Осы орайда 2010 жылғы 16 қарашада академик С. Зимановтың ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қабылдауында болғандығын айтып кеткен жөн. Кездесу барысында құқық қорғау жүйесін реформалау және ізгілендіру барысы төңірегінде, сонымен қатар, отандық ғылымды дамыту және ұрпақ тәрбиесі жөнінде әңгіме болды. Құқыққорғау жүйесінде жүргізіліп жатқан реформаларда қазақтың байырғы әдет құқығының тиімді жақтарын қайта жаңғырту қажеттігін айтып кетті. Өз сөзінде академик Елбасы жүргізіп отырған саясатты қолдайтынын жеткізді [3].

Мемлекеттік деңгейдегі реформалар, мемлекеттік органдардың қызметі мен әрекеттері теориялық және ғылыми негізделген болуы қажет екендігін айтып жүретін академик ғылымның заң шығару қызметінде де ерекше рөл атқаратынын атап өтті. Академик заң шығару қызметін жүзеге асыруда депутаттар жоғары кәсіби деңгейде, білікті ғылыми сарапшылар мен кеңес берушілердің көмегін қажет етеді дейді. Өз сөзін негіздей келе ол АҚШ-тың Конгресі ғылыми-ақпараттық қызметпен қамтамасыз етілу жағынан әлемдегі үлгі тұтарлықтай орган екендігін айтады. АҚШ Конгресінің ғылымға аса зор мән беретінін айта келе «АҚШ Конгресі үш түрлі көзден ғылыми-ақпараттық қызметпен қамтамасыз етіліп отырады, олар: біріншіден, ішкі – депутаттарға қарасты штаттағы қызметшілер,

сарапшылар, тіпті жекелеген комитеттердің пайдалануындағы аппарат; екіншіден, Конгреске қарасты емес, бірақ оған қызмет көрсетіп отыратын ұйымдар, яғни оларға Конгрестің Зерттеу қызметі, Технологияларды бағалау жөніндегі басқарма және өзге де ұйымдар жатады; үшіншіден, ол парламенттен тыс ұйымдар, яғни Ұлттық ғылым академия, университеттер, үкіметтік ведомстволар, зерттеу қызметімен айналысатын түрлі қауымдастықтар мен қорлар, сондай-ақ уақытша тартылатын шетелдік сарапшылар мен ғылыми-зерттеу мекемелері» [4] деп тоқталып кетті. Академиктің мұндай мысал келтіруінің мағынасы әлемнің алдыңғы қатарлы елі болып саналатын АҚШ ғылымның нәтижесінде жоғары дәрежеге жетіп отырғанын айтпақшы болғанын түсіну қиын емес.

С. Зиманов өзінің сөздерінде «Бүгінгі күнгі мемлекеттік қызметкерлер басты мәселе мен жанама мәселенің айырмашылығын түсінбейді. Олар үшін барлығы маңызды және басты болып табылады» дейді. Бүгінгі таңда саясаткерлер мен мемлекеттік шенеуніктердің арасында аталған санатқа кіретін азаматтар аз емес. Академиктің мұндай сөздерінің астарына үлкен ой жатқандығы анық. Себебі С. Зиманов кез келген мәселеге ғылыми тұрғыдан қарауға, яғни талдап, салыстырып, теориялық белгілерін ашып, жан-жақты зерттеу арқылы баға беруді әдетке айналдырған. Сондықтан ол мемлекеттік қызметтегі азаматтар мен жас заңгерлердің теориялық білімін жетілдіру қажеттігін айтады.

2010 жылғы 4 сәуірде Академик Салық Зимановтың Қазақстан ғалымдары Одағының жалпы жиналысының сессиясында сөйлеген сөзі. Алматы қаласы, 2 сәуір 2010 жыл. Отандық ғылымның жағдайына баға бере келе, қазіргі кезде мемлекеттің ғылымды дамытуға аса көңіл бөлінбей жатқандығын, осы уақытқа дейін жекелеген министрлердің индустриалдық саясатқа қатысты «нам наука не нужна, нам выгоднее купить новые оборудования из заграницы» деген сөздеріне қатты ашынып сөз сөйледі. Ол отандық ғылымды дамытпайынша экономика, ел, мемлекет және қоғам дамымайтындығын айтты. Әлемдік тәжірибеден ақпарат бере келе келесідей сөз сөйлеп, «Ұлттық ғылымды дамыту өзге елдер 500-700 жыл бойы дамып келген көрсеткішке Ресей соңғы 50 жылда жетіп, әлемдік державаға айналды, Қытай соңғы жылдары белсенді дамып барады немесе Бразилия 15 жыл бұрын артта қалған ел еді, Үнді елі 20 жыл бұрын артта қалған ел еді, бүгінгі таңда алдыңғы қатарға шықты. Біз мына жүрісімізбен артта қала береміз. Мен ҚР Ұлттық Ғылым академиясында 1948 жылдан 1996 жылға дейін қызмет еттім. Онда 12 жыл Философия және құқық институтының директоры қызметін атқардым. Сол уақытта заңгерлер жылдық ғылыми тақырыпты бекіту үшін соттан, прокуратурадан, арбитраждан және өзге де мекемелерден ұсыныстарын алып, талқылап, ескертулерін алатынбыз. Сонан соң ғана Институттың Кеңесіне, одан кейін бөлімнің Кеңесіне, ол жерден президиумның ғалым хатшысына, одан кейін ескертулер жасалатын. Ғылым деген ол біздің жүрегіміздің орталығы, оған аса көңіл бөлу қажет, ал мына

қазіргі жүрісіміз есектің жүрісі» [5] деген пікірмен академик С. Зиманов сөзін аяқтады.

Академиктің мұндай пікірін астарында оның отандық ғылымның бүгінгі жағдайына деген жанашырлық білдіруі, ертеңгі күні қалай болар екен деген уайымы бар екендігін байқаймыз. Өз сөзінде ол отандық ғылымның қалыптасуы мен даму барысында толығымен қатысып келе жатқандығын, яғни тікелей ғылыми жұмыспен айналысып, жетекшілік етіп, ұйымдастырушылық жұмыстармен айналысу үстінде екендігін айтып кетті.

Бір жолы бір тарихшы ғалым өзінің шығарған ғылыми жұмыстарымен таныстырып, салтанатты жиынға кездесуге шақырып жатыр, сондағы академиктің жауабы келесідей «Менде уақыт аз, оның үстіне денсаулық та көп оқуға мүмкіндік бермей жүр. Қазір мен уақыттың аздығынан көп жерге қатыса алмай жүрмін. Оның үстіне басқалар білмейтін, өзім отырып жазатын жұмыстарым бар, сонымен айналысу қажет» дейді. Мұнда ғалымның әлі де белсенді түрде ғылыммен айналысып, өз уақытын үнемдеп жұмсап, мейлінше қалам тартумен айналысатындығын байқаймыз.

Бүгінгі таңда академик С. Зимановтың 90 жасқа толумен байланысты мерей тойына қатысты үлкен салтанатты жиын өткізілу көзделіп отыр. Бұл іс-шараға еліміздің танымал ғалымдарынан, бүкіл құқыққорғау органдарынан, жоғары оқу орындарынан, замандастары мен шәкірттерінен алдын ала жылы лебіздер білдіру байқалып, жарияланып жатыр.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Қуаныш Сұлтанов академик Салық Зиманов туралы әңгіме қозғағанда бүкіл өмірін білім мен ғылымға, ғылымның адам өміріне, қоғамға, мемлекет ісіне қызмет етуіне арнаған, заң ғылымының қалыптасып, өркендеуіне, қоғамның, мемлекеттің адам құқығын сақтап, әділеттік қарым-қатынас тұрақтануына арымай-талмай, қалтқысыз еңбек етумен келе жатқан азамат ретінде сипаттап, Қазақстандағы заң ғылымы саласындағы ең көрнекті зерттеулер мен ғылыми еңбектер Салық Зиманұлының шығармашылығынан туындағандығын атап өтті.

Қуаныш Сұлтанов академиктің ғалым ретіндегі бейнесін сипаттай келе, келесідей жылы лебізін білдіреді: «Өткен ғасырдың соңғы қырық, елу жылының көлемінде академик Зимановтың ғылыми еңбектері үнемі қоғам назарында көрініп, ғылым саласында, қоғамдық өмірде елеулі оқиға болып, жұрттың пікірін туғызып, жарылқанып жататын. Ғалымның әртүрлі конференция, беделді жиындардағы сөздері де жұрт санасына қозғау салып, құнды бағасын алатын. Қандай мінберде де Салық Зиманұлы ешкімге ұқсамайтын өзіне ғана тән айрықша мәнермен, сөздік қорын өте тиімді пайдаланып, аудиторияның зейінін аударатын екпін береді. Сәкең – қазақ, орыс тілдерінде еркін төгіліп, бірдей сөйлейтін шешен. Сөздерін де, ойын да қайталамастан, ежіктеп, іркіліп, мүдірместен, шымырлатып, шиыршық аттырып, түйдектетіп, түйіндеп өрбітеді. Тыңдаушысының құлақ құрышын қандырып, сұрақ пен сезімін нандырып, шешендік өнерінің үлгісін көрсете көсіліп, түрлендіріп, тіл, сөз мәртебесін көтеріп сөйлейді. Университет

аудиторияларында оқыған лекцияларын тыңдауға тек студенттер ғана емес, оқытушылар, ғалымдар, профессорлар ықылас білдіріп, көптеп қатынасады. Ғалым ағамыз бүгін де дәл сол кездегі интеллектуалдық тұрпатынан танған емес. Ол кісінің табиғатынан жаралған шешендік шеберлігі терең, жан-жақты білімдарлығымен қуаттанып, құлақ салып, зейін қойған көкірекке шәрбат сусындай құйылып, нәр береді. Салалас, сабақтас сөйлемдері көтеріңкі екпін, үзілмес жүйемен, сөз мағынасын ашып, анықтап, тайға таңба басқандай жалғасып жатады» [6].

Академик С. Зимановтың Елбасының қолынан орденмен марапатталуына қатысты ҚР Бас Прокуроры Қ.Ә. Мәми келесідей ойын білдіріпті «Еліміздің ең қастерлі Ұлттық мерекесі – Тәуелсіздік күні қарсаңында мемлекетке сіңірген айрықша еңбегі үшін академик Салық Зимановтың Мемлекет басшысының Жарлығымен жоғары дәрежелі «Отан» орденімен марапатталуын заңгерлер қауымы аса зор қуанышпен қарсы алып, Елбасының заңгер-ғалымға көрсеткен ықыласын тұтастай құқық саласына жасалған құрмет ретінде ризашылықпен қабылдады. Саналы ғұмырын заңгерліктің қыр-сырын терең зерттеуге арнап, құқықтық саланың дамуына орасан зор үлес қосқан ғалымның тәуелсіз Қазақстанның аяғынан тік тұруына қосқан үлесі ұшан-теңіз» [7]. Бас Прокурордың «Заң ғылымының атасы» деп атаған мақаласының жарық көруі, отандық заң ғылымында академик С. Зимановтан асқан заңгер-ғалым жоқ деп тануының белгісі. Бүгінгі таңда бұл пікірмен келіспейтін заңгер де және ғалым да жоқ екені анық.

Келесі бір ғалым және мемлекеттік қайраткер М. Төлепберген академик туралы мынадай пікірде екен: «Елінде кімің бар десе, мен академик Салық Зимановты айтар едім. Бұл пікірді бүгіндері бүкіл зиялы қауым, ғылыми орта және саяси элита бүкпесіз, ашық әрі мақтаныш сезіммен жеткізетініне еш шүбәміз жоқ. Ғұлама заңгер-ғалымның мінсіз таза абыройы мен мерейі ең әуелі ақыл-ойы мен зиялы болмыс-бітіміне, бай мінезіне, мінез дегенде турашылдық пен ақиқатқа ғана жүгіне білетін аузы дуалы шешендігіне, қазыналы ел ағасы атануына тікелей байланысты. Абзал ағаның ширақ әрі жып-жинақы жүріс-тұрысы, сөйлей қалса, мағыналы әрі барынша тереңнен толғайтын сөздері, жағымды да жайлы, бірақ ішкі рухы қуаттылығымен сезіліп тұратын таныс дауысы тұтас үйлесімдіктен тұратын секілді. Ол кісінің дәл осындай тұлғасы мен бейнесін көргенде шау тартар қариялыққа қиюдың өзі қиын. Үзеңгілестерінен көп тұрғыда дара тұрған сұңқар сынды Салық ағаны көргенде көз алдында тұла бойында ерекше күш-жігері бар жігіт тұрғандай елестейді. Себебі, ер Едігедей болған ол кісінің ақылы мен даналығын қажет еткен заман сағаты талай мәрте соққанда ұлт мүддесі үшін аянбай арпалысқа түскен кезеңдерін айтсақ қалай болар еді» [8].

Академик С. Зимановтың үстіміздегі жылы мерей тойының қарсаңында арнайы жазған «Қазақ заңнамасының патриархы» атты мақаласында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Сот билігі

және қылмыстық іс жүргізу» кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының докторы, профессор Есберген Алауханов келесідей ойын білдіреді: «Биылғы жылды Қазақстан ғылымында Зиманов жылы деп атауымыз дұрыс болар. 90 жас - кемелділік кемеріне келген жас. Бір кездері Қаныш Имантайұлы Сатбаев «Салық Зиманов Қазақстанда заң ғылымдарының негізін қалаушы» деп бағалауы өте орынды айтылған екен. С.Зиманов азамат, ғалым, қайраткер ретінде біздің мақтанышымыз, сондықтан С.Зимановқа «Еңбек Ері» атағын беруді Қазақстан заңгерлері лайықты деп санайды» [9]. Профессор Е. Алаухановтың сөздерінен академиктің отандық заң ғылымын қалыптастырып, дамытудағы рөлі жоғары екендігін, оның осы күнге дейін мемлекеттің қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласып жүргендігін тағы да байқаймыз. Е. Алаухановтың өз мақаласында жазғандары академиктің өмірінің бір парағы ғана, оның елі мен жұрты үшін жасаған мұхиттай «парыз-борышының» ішіндегі бір тамшы судай. Бұлай айтуымыздың себебі, академик С. Зиманов үлкен ортада ұшқыр ой айтып, пікіріне ел қолдау көрсетіп жатқанда «Өз пікірімді айту – менің азаматтық парызым және ғалым ретіндегі міндетім» деп қарапайымдылық білдіруінде. Қазақтың «Ұлық болсаң – кішік бол» деген даналық сөздері академик ағамыздың бейнесінен әрдайым көрініс тауып отырады.

Әдебиет тізімі:

1. Тлепина Ш.В. Эволюция государственно-правовой политики в Казахстане (1930-е – 1991 гг.) / Вступ. ст. – д.ю.н., профессора С.Ф. Ударцева. – Алматы, 2005. – С. 346.
2. Зиманов С.З. Казахский академический университет и государственная наука. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – С.39
3. Академик С. Зиманов Елбасының қабылдауында // Егемен Қазақстан. – 16 қараша 2010 жыл. // <http://www.egemen.kz/20953.html>
4. Зиманов С.З. О повышении эффективности работы депутатов Парламента в новых условиях // www.supcourt.kz/upload/iblock/75d/04-04.doc
5. Академик Салық Зимановтың Қазақстан ғалымдары Одағының жалпы жиналысының сессиясында сөйлеген сөзі. – Алматы. – 2 сәуір 2010 жыл. // <http://internettv.kz/?paged=6>
6. Сұлтанов Қуаныш. Ұлт келбеті // <http://thenews.kz/2010/12/31/671443>
7. Мәми Қ.Ә. Заң ғылымының атасы // <http://blog.prokuror.kz/ru/comment>
8. Төлепберген М. Замана және Зиманов. Егемен Қазақстан, 31 қазан 2006 жыл // <http://www.egemen.kz/indexold>
9. Алауханов Есберген. Қазақ заңнамасының патриархы. Айқын, 6 қаңтар 2011 жыл. <http://www.aikyn.kz/index.php?option>